

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 358 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 қарашадағы N 1859 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кеден қызметін дамыту жобасы жөніндегі Байқау комитетін құру туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 358 қаулысына  
мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулемен бекітілген Кеден қызметін дамыту жобасы жөніндегі Байқау  
комитетінің құрамы осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулемен бекітілген Кеден қызметін дамыту жобасы жөніндегі Байқау  
комитеті туралы ережеде:

13-тармақта "ашық дауыс беру" деген сөздер "дауыс беру немесе сырттай дауыс  
беру" деген сөздермен аудиостырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1, 13-2 және 13-3-тармақтармен толықтырылсын:  
"13-1. Сырттай дауыс беру Байқау комитеті төрағасының немесе Байқау комитеті  
төрағасы орынбасарының тапсырмасы бойынша откізіледі.

13-2. Байқау комитеті мүшелерінің сырттай дауыс беру мерзімі жоба бойынша  
материалдарды дауыс беру үшін таратқан күнінен бастап 3 жұмыс күнінен аспауға тиіс.  
Қажет болған кезде Байқау комитетінің төрағасы немесе Байқау комитеті төрағасының  
келісімі бойынша Байқау комитеті төрағасының орынбасары сырттай дауыс беру  
мерзімдерін қысқартуы мүмкін.

13-3. Сырттай дауыс беру мерзімі аяқталғанға дейін Байқау комитетінің мүшелері  
жұмыс органына жазбаша жауаптар жібереді, онда өздерінің пікірін білдіреді. Жазбаша  
жауап көрсетілген мерзімде берілмеген жағдайда Байқау комитетінің мүшесі жобаны  
қабылдауға дауыс берді деп саналады. Дауыс беру Байқау комитетінің мүшелерін  
аудиостыру құқығынсыз жүзеге асырылады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Үкіметінің

2009

жылғы

*K. Мәсімов*

Республикасы

17

қарашадағы

N 1859

қаулысына

қосымша

Қазақстан  
Үкіметінің  
2009 жылғы  
N 358  
бекітілген

Республикасы  
наурыздады  
қаулысымен

**Кеден қызметін дамыту жобасы жөніндегі  
Байқау комитетінің құрамы**

- Жемішев - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі,  
Болат Бидахметұлы тәраға  
Кәрбозов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Қозы-Көрпеш Жапарханұлы Кедендік бақылау комитетінің тәрағасы,  
тәрағаның орынбасары  
Сүкіров - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Нұрболат Николайұлы Кедендік бақылау комитеті жаңғырту және  
перспективалық даму басқармасының бастығы,  
хатшы  
Есекеев - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және  
Қуанышбек Бақытбекұлы байланыс агенттігінің тәрағасы  
Дәленов - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Руслан Ерболатұлы вице-министр  
Сұлейменов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
Серік Ирмашұлы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендердегі  
мемлекеттік инспекция комитетінің тәрағасы  
Жансүгіров - Қазақстан Республикасы Көлік және  
Болат Амангелдіұлы коммуникация министрлігі Көліктік бақылау  
комитеті тәрағасының орынбасары  
Қыпшақов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Арғын Мықтыбайұлы Салық комитеті тәрағасының орынбасары  
Сәдуақасов - Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау  
Нұрқан Олжабайұлы министрлігі Мемлекеттік  
комитеті тәрағасының орынбасары  
Құнтубаев - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Думан Жаппарбекұлы Ақпараттық технологиялар департаментінің  
директоры

Әлімбетова Әлия Назымбекқызы	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сыртқы сауда саясаты департаменті директорының орынбасары
Қасымова Индира Базарқанқызы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Халықаралық қатынастар департаменті директорының орынбасары
Кучерова Светлана Александровна	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қорғанысты, құқық қорғау жүйесін және мемлекеттік органдарды дамыту департаменті директорының орынбасары
Тулубаев Сергей Анатольевич	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шекаралық бақылау бас басқармасы бастығының орынбасары
Шабанова Әсел Нәжімқызы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Халықаралық қатынастар департаменті халықаралық ынтымақтастық басқармасының бас сарапшысы
Аханова Салтанат Мұзарафқызы (бойынша)	- Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының вице-президенті (келісім)
Никитинская Екатерина Сергеевна	- "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Рахымжанова Арман Дәуітқызы	- Қазақстан кәсіпкерлер форумы атқарушы директорының орынбасары (келісім бойынша)